

# Поэзиядағы жаңа толқын

Жақында баспадан шыққан «Жастар даусы») атты жыйнақтан біздің поэзиямызға жаңа бір тасқын келіп құйып жатқанын байқаймыз. Жыйнаққа қатысқан 46 автордың көпшілігі соңғы жылдары шыққан жас ақындар. Бұлардың алғашқы шығармаларын сұрыптап, жыйнақ етіп шығару игілікті іс болған.

Жыйнаққа енген шығармалардың барлығы да социалистік өміріміздің тақырыптарына жазылған. Советтік патриотизм, Ленин-Сталин партиясын сүю идеясы — жыйнақтың идеялық арқауы. Жастарымыздың шығармаларына жарық нұр құйып, құлшынттып отырған ұлы күш — социалистік Отанымыз, Ленин — Сталин партиясы екенін осы жыйнақтан да толық көруге болады.

«Өмірдің тұлымынан жабыса ұстап,  
Дуниеге келгенімде жайып құшақ,  
Деп еді маған анам: «Бабаң — Ленин»,  
Кетіп ед сонда-ақ Ленин әкеме ұсап, —  
деген қасиетті сезім Тәкен Әлімқұловтың өлеңіне терең мағына береді.

«Армансыз жан көрге енсе несі қыйын?  
— Енді келсең кел, — дер ем, — қатер-құйын,

Сталинім бар жерде өле алмаймын,  
Қалды өзіне оңаша қараңғы үйін»  
дегенді ақын Хамит Ерғалиев тебірене айтады. Ақындарымыздың мұндай өлеңдері бұралқы космополиттерге, отансыз, елсіз ебелектерге қарсы атылған оқ!

Жыйнаққа енген шығармалардың ең шоқтығы деп Қайыңкей Жармағамбетовтың өлеңдері мен Хамит Ерғалиевтің поэмасын айтуға болады. Қ. Жармағамбетовтың «Әке мен бала», «Ана мен бала», «Ер жүрегі», «Солдат сағынышы», «Домбыра», «Жолаушы» деген өлеңдері идея-көркемдік жағынан қазақ совет поэзиясының ең құнды қорына қосылатын өлеңдер. Х. Ерғалиевтің «Әке сыры» поэмасы біздің бұл күнге дейінгі поэмаларымыздың ең таңдаулыларының бірі деуге болады.

Бұлардан соңғы жақсы шығармалар деп мыналарды атау керек: Сеитовтың «Архитектор», «Пеш жанында», Әлімқұловтың «Өмір өнегесі», «Көкше тауы», Жансаеваның «Досыма», «Сағат», Ұябаевтың өлеңдері, Тегісовтың «Ана», «Бітпеген хат»; Шамкеновтың «Қос бұлақ»; Қабдоловтың «Еділ»; Әлімбаевтың «Түтін», «Сүйші бөбекті», «Қос өзен», «Сурет»; Сқақовтың «Солдат сөзі»; Нұрбековтың «Қойшы», «Ақборан»; Жабаевтың «Саша бала», «Анкет», «Күнделік»; Өмірбековтың «Колхозда болды үлкен той»; Соқпақбаевтың «Өлеңім», «Жеңіс солдатты» деген өлеңдері.

Бұл аталған өлеңдер идея-көркемдік жағынан біркелкі жақсы шыққан өлеңдер.

Тегісов жолдас «Бітпеген хат» деген өлеңінде жас өспірім баланың өнерге деген талабын орынды дәріптеп, соған лайықты ақындық тіл тауып, жылы сезімді өлең жазуы біздің ақындарымыздың социалистік реализм бағытын дұрыс ұстайтынын ыспаттайды.

Жыйнаққа енген шығармалардың кейбір кемшіліктерін де көрсете кетейік. Ақын ең алдымен тақырып табады. Сол тақырыпқа, оның мезгілі мен жағдайына сай келетін тілі болуы керек. Теңеу, эпитет дегендері де сол тақырыбына сай келуі керек. Өйтпеген күнде мазмұн мен түр арасында қайшылық туады, ақын шығармасы сәтсіздікке ұшырайды.

«Бір алып Макаровтың комбайнын»,  
Қожасы кең сарайдың көмір пірі (!)  
Аузы құдіретті (!) қандай ірі,  
Жетпейді бейнелеуге ақын тілі». (Мақсұт Байсейітов, «Макаровтың комбайнын»).

«Сіберлеп атып келеді  
Түндігін (!) түрген жазғы таң;  
Жібек киіп, торқаға

Бөленіп тағы айналам» (Қ. Ұябаев,  
«Шығыс шыңында»).

«Сыдырып сордың сауырын,  
Суырып өкпе-бауырын (!)  
Тракторист Әсен жүр,

Сом білек, соқта жауырын» (Қ. Жармағамбетов, «Күлімдейді бауырым»). Бұл шумақтардағы «пір, түндік, жібек, торқа, өкпе-бауыр» деген сөздер алған тақырыптың бойына сіңбейтін, сырттан келіп дәрекі жабысқан сөздер. Мұндайдан аулақ болу керек.

Шығарма жоғары идеялы болу үшін көркемдікпен ұштасып жату қажет. Өлең күйлі болуы шарт. Ол үшін ырғақ, ұйқас дегендерді мықтап сақтау керек. Бұл жағына келгенде жыйнақтағы өлеңдердің бірқатары ақсап жатыр.

«...Адамның талабынан өмірі қысқа,  
Көпшес өмір қалдырмасам мен бір  
нұсқа»

(Т. Әлімқұлов, «Қара тау»).

«Көрікті етіп жайнатып,  
Өсірсе сені жер анаң,  
Сарқылмас бойға күш беріп,  
Өсірді мені ел анам» (Ж. Тоғашев,  
«Қызғалдақ»). «Анаң, анам» деген ұйқаспен бір шумақ өлеңді шығарып салуға болмайды. Әлде қашан тозығы жеткен, оңай ұйқастарға да үйір бола бермеу керек. Ұйқастың өзін жаңадан табуға тырыспайынша болмайды.

Бұл өлендерден мазмұн мен түрдің, ой мен сезімнің дұрыс қабысқандығын көреміз. Ақындық серпіні, пафосы, айқын идеясы бар; ең мәндісі — орынсыз аулақ сілтемей, өмірдің өз ішінде болып, өмір поэзиясын сұрыптап ала білуге құмартушылық бар. Жас ақындарымыз өз поэзияларына керекті нәрді Отан соғысындағы жеңісімізден, социалистік өндірісімізден, колхозды ауылымыздан, төменгі-жоғары дәрежелі мектептерімізден іздейді. Бұл поэзиямыздың өмірлі болуына бастайтын жағдай.

Майра Жансаева өзінің «Досыма» деген өлеңінде майдандағы жарының жауды жеңіп қайтуын тілейді. Бұл совет семьясы мен қоғамдық өміріміздің ұштасып жатқанын бейнелейді.

Мұзафар Әлімбаев «Қос өзен» атты өлеңінде ұлы орыс халқы мен қазақ халқының тағдыры бір арнаға құйып, ұласып жатқандығын шебер суреттейді.

Жаппар Өмірбеков жолдас «Колхозда болды үлкен той» өлеңінде осы күнгі Социалистік Еңбек Ерінің еңбек бәйгесінде озып шыққандығын жыр етеді. Мұнда ол өлеңіне шебер сюжет тауып, оқушыны өзіне тарта біледі де, кенет кілт қорытынды жасап, баллада түрінде шебер түйіп тастайды. Бұл біздің жас ақындарымыздың поэзия мәдениетіне көтеріліп келе жатқанын сыйпаттайды.

Ақынның айтқан пікірі қысынды болуға тиіс. Құр лакпа пікір мағнасыздыққа соғады.

«Отаным, үстіндегі ұшып жүрген  
Ұя боп құсыңды да жылытайын (!)»

Басқаға ренжіп, саған ұдай күлген

Өлемнің айналсамшы күн мен айын(!)

Аманжол Шәмкенов жолдастың «Отан» деген өлеңінде кездескен мұндай шумақ пікірді дәл берудегі олақтықты байқатады.

Шын ақындық шабыттан туған өлеңде ой мен сезім, пафос ұштасып жатады да, поэзиялық тамаша түр табады. Бұлардың бірі болмаған жерде ол өлең оқушыны тарта алмайды. Біздің кейбір ақындарымыз өздерінің отсыз, жігерсіз өлеңдерін: «Бұл ойға құрылған» немесе «поэзияны прозаға жақындату керек» деген жалған «теориялармен» бүркегісі келеді. Мұның аяғы поэзиядан аулақ кетіп, қара сөзді шалашарпы ұйқастырып, жұртшылыққа ұсынуға апарып соғады. Жастар мұндайдан аулақ болулары керек.

Жыйнаққа қазақстандық орыс жас ақындарының да өлеңдері енген. Бұлардың өлеңінен байқалатын бір қасиет — тақырып талдап алу жөнінен шеберлік байқалады және өлеңді сюжетке құру жөнінде де жетістіктері бар. Жас ақындар Дмитрий Рябуханың, Роман Трофимовтың, Александр Тютиковтың өлеңдері бұл жыйнақтан құнды орын алды деуге болады.

Қаулап өсіп келе жатқан талантты жастардың творчествосы алдағы уақытта өсе түсетіндігіне, олардың арасынан дарынды ақындар шығатынына, сөйтіп, біздің поэзиямыздың қайраткерлері қатары күн санап көбейе беретініне сенім зор. Жыйнақ осындай толқынның, жаңа толқынның айғағы.

**Қасым АМАНЖОЛОВ.**